

**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ**



**ПРЕМЬЕР-МИНИСТР  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН**

201\_\_ жылғы \_\_\_\_\_

Астана, Үкімет Үйі

от «\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_ года

№ \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_ данасы

экз. № \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттары  
Б. Смағұлға  
А.Т. Қожахметовке**

*2019 жылғы 6 қарашадағы  
№ ДС-169 хатқа*

**Құрметті депутаттар!**

Сіздердің Ауғанстандағы жауынгерлік іс-қимылдарға қатысушыларға мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуға бірінші кезектегі құқық беруге қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

2012 жылдан бастап урбанизация, еңбек көші-қоны және халықтың төмен табысы шеңберінде әкімдіктердегі кезектілік 3,5 есеге өсті және 2019 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 526 312 мыңнан астам азамат кезекте тұр, оның ішінде ҰОС мүгедектері және қатысушылары – 167, жетім балалар – 61 830, халықтың әлеуметтік жағынан осал топтары – 206 976, көпбалалы аналар, отбасылар – 44 707, бюджеттік ұйым қызметкерлері, мемлекеттік қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері – 210 001, тұрғын үйі авариялық күйдегі азаматтар – 2 631.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауалды бағдарламасын және Мемлекет басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын орындау шеңберінде «Нұрлы жер» тұрғын үй-коммуналдық дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жобасы (бұдан әрі – жоба) әзірленді.

Осы жоба шеңберінде азаматтардың табыстарына байланысты қатысудың нақты өлшемшарттары, Кезекте тұрғандардың бірыңғай республикалық базасын қолдану, көпбалалы отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету және «Бақытты отбасы» бағдарламасына қатысушылардың қатарын кеңейту, сондай-ақ тұрғын

үйлерді күрделі жөндеу жөніндегі шараларды іске асыру үшін қаржыландыруды ұлғайту көзделеді.

Мысалы, отбасының әрбір мүшесіне 1 еселік ең төменгі күнкөріс деңгейінен (29,7 мың теңге) төмен табысы бар кезекте тұрғандар сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үйге үміткер болады, 2 еселік ең төмен күнкөріс деңгейіне дейін (59,4 мың теңгеге дейін) табысы барлар Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі арқылы «Бақытты отбасы» жеңілдетілген кредит беру бойынша бағдарламаға қатыса алады, 3,1 еселік ең төменгі күнкөріс деңгейіне дейінгі (92 мың теңгеге дейін) табысы барлар Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі қарызы арқылы әкімдіктердің кредиттік тұрғын үйлеріне үміткер бола алады.

3,1 еселік ең төменгі күнкөріс деңгейінен жоғары (92 мың теңге) табысы бар азаматтар «7-20-25» ипотекалық бағдарламасына қатыса алады, сондай-ақ табысы 5 еселік ең төменгі күнкөріс деңгейінен жоғары (148,5 мың теңге) табысы бар азаматтар нарықтық тетік бойынша коммерциялық тұрғын үйді сатып ала алады (оның ішінде үлестік қатысумен).

Мемлекеттік қолдаудың аталған тәсілдері азаматтарға кезек күтпей-ақ тұрғын үй жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді және тұрғын үйге мұқтаждар есебінде тұрған шамамен 178 мың кезекте тұрғандарды, оның ішінде Ауғанстанда жауынгерлік іс-қимылдарына қатысушыларды да қамтиды.

*Анықтама: сатып алу құқығынсыз 70,2 мың шаршы метр жалға берілетін тұрғын үй (48 мың көпбалалы отбасы, 22,2 мың халықтың өзге де әлеуметтік топтары), 60 мың шаршы метр кредиттік тұрғын үй, 40 мың «Бақытты отбасы» бағдарламасына қатысушы.*

«ҰОС қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» ҚР Заңының 6-бабына сәйкес Ауғанстан аумағында жауынгерлік іс-қимылдарға қатысушылар жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан ҰОС қатысушыларына теңестірілген.

Тұрғын үй заңнамасына сәйкес бұрынғы КСРО-ны қорғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа кезеңдерде орындау кезінде немесе майданда болуға байланысты ауруға шалдығу салдарынан, сондай-ақ Ауғанстанда немесе жауынгерлік іс-қимылдар жүргізілген басқа да мемлекеттерде әскери қызметін өткеру кезінде жаралану, контузия алу, мертігу салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер мемлекеттік тұрғын үй қорынан өздері тұратын тұрғын үйлерді меншігіне тегін алуға құқылы.

Коммуналдық тұрғын үй қорынан халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына берілетін тұрғын үйді жалға алушы заңнамада көзделген шарттарда және Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайтын тәртіппен қалдық сомасы бойынша жекешелендіруі мүмкін, яғни бұрынғы КСРО-ны қорғау кезінде жараланбаған, контузия алмаған, мертікпеген Ауғанстан соғысының жауынгерлері де тұрғын үйді қалдық құны бойынша жекешелендіру құқығына ие.

Аталған норманы енгізу кезінде осы санатқа тұрғын үйді өтеусіз беру бойынша республикалық бюджеттің мүмкіндіктері назарға алынды, осыған байланысты заң шығарушы екі санатты нақты анықтап, бөлді.

Осы мәселе Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының жұмыс топтарында, мүдделі мемлекеттік органдармен және ардагерлердің қоғамдық бірлестіктерімен бірнеше рет талқыланды.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жанынан «Ардагерлер туралы» заң жобасы бойынша жұмыс тобы құрылды, оның шеңберінде мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді өтеусіз негізде алу құқығы мәселесі қаралатын болады.

**А. Мамин**